

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің энергетика саласындағы уәкілетті органдарының басшыларының кеңесі туралы ережеге өзгерістер енгізу туралы

Жоғары Еуразиялық экономикалық Кеңестің 2023 жылғы 25 желтоқсандағы № 19 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ туралы 2014 жылғы 29 мамырдағы шарттың 12-бабы 2-тармағының 1 және 23-тармақшаларына сәйкес Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес **шешті**:

1. Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2022 жылғы 9 желтоқсандағы № 19 шешімімен бекітілген энергетика саласындағы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары басшыларының кеңесі туралы ережеге қосымшаға сәйкес өзгерістер енгізілсін.

2. Осы шешім Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2022 жылғы 9 желтоқсандағы №19 шешімімен құрылған Еуразиялық экономикалық одақтың жалпы электр энергетикалық нарығында электр энергиясының орталықтандырылған сауда операторы бір тәулік бұрын Еуразиялық экономикалық одақтың жалпы электр энергетикалық нарығында орындалатын іс-қимылдарға бақылауды жүзеге асыру жөніндегі өкілеттіктер Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің энергетика саласындағы уәкілетті органдары басшыларының кеңесін беру бөлігінде Еуразиялық экономикалық одақ туралы 2014 жылғы 29 мамырдағы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттама күшіне енген күнінен бастап күшіне енеді.

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің мүшелері:

Армения Республикасынан	Беларусь Республикасынан	Қазақстан Республикасынан	Қырғыз Республикасынан	Ресей Федерациясынан
----------------------------	-----------------------------	------------------------------	---------------------------	-------------------------

Жоғары Еуразиялық
экономикалық кеңестің
2023 жылғы 25 желтоқсандағы
№ 19 шешіміне
ҚОСЫМША

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің энергетика саласындағы уәкілетті органдарының басшыларының кеңесі туралы ережеге енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР

1. 4-тармақта:

"г" тармақшасындағы "және ұйымдарының" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы "г¹" және "г²" тармақшаларымен толықтырылсын:

"г¹) осындай энергетикалық ресурстың ортақ нарығының жұмыс істеуін реттейтін шартқа және актілерге сәйкес Одақтың тиісті энергетикалық ресурсының ортақ нарығында олар орындайтын міндеттер (функциялар) бөлігінде мүше мемлекеттердің ұйымдарынан (оның ішінде Одақтың энергетикалық ресурстарының ортақ нарықтарының инфрақұрылымдық ұйымдарынан) энергетика саласындағы қажетті ақпаратты сұратады;

г²) Одақтың жалпы электр энергетикалық нарығында электр энергиясының орталықтандырылған саудасын ұйымдастыруды жүзеге асыратын ұйымның тіркеушінің міндеттерін Еуразиялық экономикалық одақтың жалпы электр энергетикалық нарығы туралы хаттамада көзделген актілерге (шартқа тіркелген № 21-қосымша) сәйкес (функцияларын) орындауын бақылауды қамтамасыз етеді;"

2. 5-тармақ "сондай-ақ Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығында Еуразиялық экономикалық одақтың жалпы электр энергетикалық нарығы туралы хаттамада (Шартқа тіркелген № 21-қосымша) және көрсетілген Хаттамада көзделген, нәтижесі Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығының жұмыс істеуіне әсер ететін кедергілер болып табылатын немесе болуы мүмкін актілерге және (немесе) Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығы субъектілерінің мүдделеріне қысым жасауға қайшы келетін іс-әрекеттерді жүзеге асыруды болғызбау." деген сөздермен толықтырылсын.

3. II бөлім мынадай мазмұндағы 5¹ және 5²-тармақтармен толықтырылсын:

"5¹. Осы Ереженің 4-тармағында көзделген функцияларды жүзеге асыру мақсатында Басшылар кеңесі жұмыс органдарын (топтарды, комитеттерді, комиссияларды) (бұдан әрі – жұмыс органдарын) құра алады.

5². Осы Ереженің 4-тармағының "г" тармақшасында көзделген функцияларды жүзеге асыру мақсатында Басшылар кеңесі тіркеушінің Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығының өз міндеттерін (функцияларын) орындауын бақылау жөніндегі комитетті құрады және тіркеушінің тиісті міндеттерді (функцияларды) орындамау (тиісінше орындамау) тәуекелінің деңгейін ескере отырып осындай бақылауды жүргізу тәртібін бекітеді, оның ішінде бақылауды жүргізудің кезеңділігі мен ұзақтығын, оны жүргізу үшін қажетті ақпараттың құрамын айқындауды көздейді."

4. 9-тармақ "сұрақтар," деген сөзден кейін "жұмыс органдарының мүшелері, сондай-ақ" деген сөздермен толықтырылсын.

5. 13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Басшылар кеңесінің отырыстары Басшылар кеңесі төрағасының шешімі бойынша немесе Басшылар кеңесі мүшесінің бастамасы бойынша өткізіледі.

Басшылар кеңесінің отырысын өткізу туралы шешімді басшылар кеңесінің төрағасы Басшылар кеңесінің мүшелерімен келісім бойынша қабылдайды."

6. 20-тармақта:

а) бірінші абзацтан кейін мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Уәкілетті органдар өкілдерінің жұмыс органдарының қызметіне қатысуына байланысты шығыстарды оларды жіберетін мүше мемлекеттер көтереді.";

б) екінші және үшінші абзацтар "басшылар" деген сөзден кейін ", сондай-ақ жұмыс органдары" деген сөздермен толықтырылсын.